

2010 және 2011 жылдары Қазақстан Республикасында қоршаған орта министрлерінің Еуропа және Азия конференцияларын өткізу мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 387-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасында 2010 жылы Азия-Тынық мұхит өңіріндегі қоршаған орта және орнықты даму министрлерінің алтыншы конференциясын және 2011 жылы министрлердің "Қоршаған орта Еуропа үшін" атты жетінші жалпыеуропалық конференциясын өткізуге дайындықты тиімді ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Шөкеев	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, жетекші
Өмірзақ Естайұлы	Министрінің бірінші орынбасары, жетекші
Брагин Александр Геннадьевич	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Халықаралық экологиялық конвенциялар және келісімдер департаментінің директоры, хатшы
Әшім Нұрғали Сәдуақасұлы	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі
Бөлтіріков Руслан Ескендірұлы	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Байжүнісов Ерік Әбенұлы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Құсайынов Марат Әпсеметұлы	- Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі
Омаров Қайрат Ермекұлы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
Толыбаев Марат Еркінұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Ырсалиев Серік Әзтайұлы	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Оразов Нұрай Нұрғожаұлы	- Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат вице-министрі
Петров Валерий Викторович	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.29 N 1703 Қаулысымен, ҚР Премьер-Министрінің 2011.08.31 N 118-ө Өкімімен.

2. Жұмыс тобы Қазақстан Республикасында 2010 жылы Азия-Тынық мұхит өңіріндегі қоршаған орта және орнықты даму министрлерінің алтыншы конференциясын және 2011 жылы министрлердің "Қоршаған орта Еуропа үшін" атты жетінші жалпыеуропалық конференциясын өткізуге дайындықты тиімді ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр